
 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b>	П- 12.4
	<b><i>Қабылдау комиссиясы</i></b>	Стр. 1 из 4

**АРНАЙЫ (ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ)  
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Білім беру бағдарламалары топтары үшін: В086 – «Медицина», В087 – «Стоматология», В088 – «Педиатрия», В084 – «Мейіргер ісі», В089 – «Медициналық-профилактикалық іс».

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру білім беру бағдарламалары үшін

**Астана 2026 ж.**

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b>	П- 12.4
	<b>Қабылдау комиссиясы</b>	Стр. 2 из 4

## **1. МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

Бағдарлама «Денсаулық сақтау» саласы бойынша «Медицина», «Стоматология», «Педиатрия», «Мейіргер ісі», «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламалары топтарына, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларына (бұдан әрі – ТжКББ) түсушілерге арналған.

## **2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

2.1 Осы бағдарламада келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және астана олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерін, сондай-ақ облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және астана спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарды қоспағанда, оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.


## **3. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

### **3.1 Қысқаша ақпарат**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2-тарауының 13-тармағына сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтарына қабылдау арнайы емтихан нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады. В084 – «Мейіргер ісі», В086 – «Медицина», В087 – «Стоматология», В088 – «Педиатрия», В089 – «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламалары топтарына түсуші тұлғалар психометриялық емтихан түріндегі арнайы емтихан тапсырады. Аталған емтиханды Қазақстан Республикасының кез келген медициналық университетінде тапсыруға болады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және астана олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерін, сондай-ақ облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және астана спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарды қоспағанда, оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2-тарауының 36-тармағына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау арнайы емтихан нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Арнайы емтихан университеттің компьютерлік сыныптарында офлайн форматта <https://pstest.amu.kz/registration.php> порталында өткізіледі.

 <b>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</b>	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b>	П- 12.4
	<b>Қабылдау комиссиясы</b>	Стр. 3 из 4

### 3.2 Байланыс ақпараты

Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 49 А, қабылдау комиссиясы, телефон: 8-7172-53-95-12, 87084942179, электрондық пошта мекенжайы: [priyem@amu.kz](mailto:priyem@amu.kz).

### 3.3 Арнайы емтиханды өткізу орны

Өткізу орны: Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 51, 201-кабинет.

Түсушіні психометриялық емтихан өткізілетін аудиторияға жіберу жеке басын қуәландыратын құжатты көрсету арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, арнайы емтихан бейне және (немесе) аудио жазба құралдарымен жабдықталған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі.

### 3.4 Арнайы емтиханды өткізу нысаны

Психометриялық емтиханды өткізу нысаны – тестілеу.

Тест тапсырмаларының тізбесі «Астана медицина университеті» КеАҚ Академиялық кеңесінің 2024 жылғы 24 мамырдағы №6 хаттамасымен бекітілген.

Тест тапсырмалары арнайы емтихан материалдарын өзектендіру жөніндегі жұмыс тобы тарапынан жаңартылды. Жұмыс тобының құрамы Басқарма төрағасы – ректордың 2024 жылғы 06.05 №442-н/қ бұйрығымен бекітілген.

### 3.5 Құжаттарды қабылдау кестесі және арнайы емтихан өткізу мерзімдері

Республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға, сондай-ақ ақылы оқуға ниет білдірген тұлғалар үшін психометриялық емтиханға тіркелу және тапсыру мерзімдері 1-кестеде көрсетілген.


1-кесте

Білім деңгейі	Онлайн тіркелу мерзімі	Емтихан өткізу мерзімі	Емтихан өткізу уақыты	Апелляцияға өтініш қабылдау	Емтихан өткізу орны
Жоғары білім	15 маусым – 20 тамыз	20 маусым – 12 шілде (жексенбіден басқа) 21 шілде – 20 тамыз (жексенбіден басқа)	10.00–11.30; 12.00–13.30; 14.00–15.30; 16.00–17.30.	Апелляция келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін қабылданады	Бейбітшілік көшесі, 51, 201-компьютерлік сынып
ТЖКББ	15 маусым – 15 тамыз	25 маусым – 15 тамыз (жексенбіден басқа)			

### 3.6 Арнайы емтиханға қатысуға тіркелу

Психометриялық емтиханға тіркелу <https://pstest.amu.kz/registration.php> сілтемесі арқылы онлайн жүзеге асырылады.

Тіркелу барысында түсуші сайтта ұсынылған емтихан тапсыру күні мен уақытын

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b>	П- 12.4
	<b>Қабылдау комиссиясы</b>	Стр. 4 из 4

таңдайды. Психометриялық емтихан тапсыратын күні түсуші Университеттің қабылдау комиссиясына салыстыру үшін келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат (түпнұсқа және көшірме);
- 2) өлшемі 3 x 4 сантиметр болатын 2 фотосурет;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰБТ сертификаты (бар болған жағдайда);
- 5) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 35-бабы 1-тармағында белгіленген спорттық разрядтардың және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда).

### **3.7 Арнайы емтиханның тест тапсырмалары**

1. Эмпатия деңгейін диагностикалау (И. М. Юсупов);
2. «PSM-25 психологиялық стресс шкаласы» әдістемесі;
3. Дифференциалды-диагностикалық сауалнама (Е.А. Климов).

### **3.8 Арнайы емтихан нәтижесі**

Психометриялық емтихан «ЖІБЕРІЛДІ» немесе «ЖІБЕРІЛМЕДІ» нысанында бағаланады.

Арнайы емтихан өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомосымен, комиссия хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (немесе оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның қатысып отырған барлық мүшелері қол қояды.

Арнайы емтихан нәтижелері емтихан өткізілген күні талапкердің жеке кабинетінде жарияланады.